

Мауленов А.А.

**ТАРИХИ – ДЕРЕКТІ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ТАРИХИ АҢЫЗДАРДЫҢ
КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ**

Мауленов А.А.

**ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ФУНКЦИИ ИСТОРИЧЕСКИХ ЛЕГЕНД
В ИСТОРИКО-ДОКУМЕНТАЛЬНЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ**

A.A. Meulenov

**ART FEATURES HISTORICAL LEGENDS IN THE HISTORICAL AND
DOCUMENTARY WORKS**

УДК: 434.2 (575.2) (043.3)

В этой статье исследуется исторические материалы проведена научная работа по систематизации и анализу значительного объема материалов из различных источников. Значение представленной статьи заключается в первую очередь в том, что в ней на основе разного рода фольклорных, исторических материалов, летописей и шежире, сказаний доказывається, что тюркоязычная литература на протяжении всего своего существования продолжала традиции предшествующей литературы шумеров и прототюрков, создала богатейшее наследие, став общим для всех родственных народов.

Ключевые слова: идеология, реалистический, литературные явление, тюркские наследие, Тарих-и-Рашиди, мемуар, литературно-эстетически, исторические материалы.

This article explores the historical materials conducted scientific work on systematization and analysis of a significant amount of material from various sources. The value of the present article is the first in the fact that it based on different kinds of folklore, historical material, chronicles and shezhire, legends prove that Turkic literature throughout its existence has continued the tradition of the previous literature of the Sumerians and Türks, created a rich heritage, becoming common to all the kindred peoples.

Key words: ideology, realistic, literary phenomenon Turkic heritage, Tarikh-i-Rashidi, memoir, literary and aesthetic, historical materials.

Қазақ прозасы, оның ішінде алаш романы қиын жағдайда, әлемдік әдебиеттанушылық түсінік бойынша өте кеш қалыптасқанымен оның кейбір жанрлары сонау ертеден келе жатқандығын, ал оның тарихи-хикаяттық бастау көзін М.Х. Дулатиді одан кейінгі Әбілғазы хан, Қадырғали т.б. қазаққа қатысты шежірелік баяндармен байланыстырған отандық әдебиет тарихын зерттеген Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, Ш. Сәтбаева, Н. Келімбетов, М.Мырзахметов, Ә.Дербісәлиев, А. Қыраубайқызы, Ж.Дәдебаев, И.Жеменей т.б. ғалымдардың арқасында ғылыми ортаға белгілі болатын. Қазіргі таңда бұрынғы айтылған пікірлер өз өзектілігін жоғалтқан жоқ, дегенмен де, М.Х. Дулатиге қатысты бір кездегі Орта Азиялық түркі әлеміндегі пікірлер кеңестік идеология шырмауынан шыға алмай қалған деген шолақ ойлылықтан арылуға тиіспіз. Ол кездегі ғылыми пікір бүгінгі күнгі айтылып жүрген ғылыми

ой сияқты өз дәуірінің талабына жауап бере алуымен құнды.

Ұлтсыздану идеясын алаштық идея алмастырған тұста өз өткенімізге жаңаша көз жіберу үрдісі қалыптасып, қазіргі қазақ әдебиетінің бүгінгі биігіне шығуына ықпалы зор болған түркілік ортақтастық кезеңінің туындыларын қазақ әдебиетімен біртұтастықта дәстүр сабақтастығы аясында қарастырып, ондағы тамырластығы айқын сезілетін әдебиет тарихына қатысты дәстүр жалғастығын проза жанры бойынша жан-жақты қарастыруға тиіспіз. Бізде роман жанры кештеу туған себебінің бірі оған деген оқырман сұранысының болмауы десек. Ал, романға деген оқырман тарпынан қажеттілік туған шақта бұрынғы хикаят сияқты шағын прозалық жанрлар қаламгерлеріміз Еуропадан үйрену кезеңін толық игергенше, өзінің тарихи миссиясын толығымен атқарып шықты. «Олай болса, Мырза Хайдар шығармасы реалистік (шыншыл) бағытта, сол дәуірдегі прозалық еңбектерде кеңінен қолданылған аралас стильде жазылғаны анық.

Жалпы аралас стиль жөнінде айтқанда, бұл әдеби құбылыс тек орта ғасырлық түркілік мұраларда ғана емес, бергінде өмір сүрген Абай, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім, т.б. қазақ қаламгерлерінің шығармашылығында сирек те болса кездесетінін атап айтқан жөн. Абай өлеңдері мен қара сөздері арасында тілдік тұрғыда да, тақырыптық-идеялық жағынан да терең байланыс бар»[1,Б.146-147]. Оған дейін Дулатиге тікелей қатысты болмаса да, академик Р. Сыздықова осындай дәстүр жалғастығын: «Абай сияқты гуманист ойшыл суреткер өз заманы, өз замандастарының мінез-құлықтары, ондағы қайшылықтар туралы күңірене толғанған ойларын көркем сөздің бір ғана тәсілі өлеңмен ғана білдіріп қоймай, оған қоса прозамен де қайталай түсуі немесе керісінше, қара сөзбен айтқан ойын екінші қайыра жанына жақын поэзия тіліне аударуы өте заңды нәрсе»[2,242-б.] деп атап өткен болатын. Біз бұдан орта ғасырдағы түркі прозалық әдеби дәстүрінің қазақ әдебиетіндегі тамырластығын аңғарамыз.

Абайдың қара сөздері мен Х.Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегінің дүниеге келуі арасында ұқсастық мүдделестік бар екенін танып-білу қиындық

соқтырмайды. Автор: «Өзінің де “Тарих-и-Рашиди” еңбегін жазудағы мақсаты елдің, мемлекеттің тарихын хатқа түсіріп, қағаз жүзінде қалпына келтіру, сөйтіп келер ұрпаққа сақтап жеткізу екендігін арнайы атап өтеді. Сонымен бірге ол өз шығармасының, шығармашылық еңбегінің мәні де келер ұрпаққа берер үлгі-өнегесінде, танымдық қызметінде жататынын ескертеді» [3, 238-б.]. Одан ары түркі әдебиетінде қалыптасқан парсы-түркі қостілділігінің негізіндегі шығармашылық стиліндегі өзіндік даралық табушылығы мен автордың шығармашылық әлемінің туындыгерлігі турасында: «М.Х.Дулати жылнамашы жазушылардың шығармашылық дәстүрі аясында қалыптасқан өмір құбылыстарын жинақтау тұрғысын барынша қолдап, өзі де қолдана отырып, жаңа тек қана эстетикалық нысанына сай шешім жасайды. Бұлай дегенде, ғұламаның жазылар шығармасына қажетті өмір құбылыстарын саралау мен даралау тұрғысындағы эстетикалық мұратты ерекше атап өткен дұрыс» [3,238-б.].

Батысқа үлгі шашып, бізден үйренері мол болған әдеби дәуірді естен шығармай, сонымен бірге исламдық дүниетанымдық көркем ойды қилы жанрда түрлі амал-тәсілдерді қолданып оқырманға жеткізудің прозалық үрдісі бар екенін қаперге ала отырып, қазақ әдебиетінің өсіп-өркендеуіне зор әсер еткен мемуар жанрының қас шеберлері Бабыр мен Дулатидың артына қалдырған әдеби мұраларын ұлтық әдебиетіміздің қалыптасуы кезеңдеріне қатысты ғылыми зерделеу кең қанат жайып келеді. М.Х.Дулатидың «Тарих-и-Рашиди» еңбегіндегі мифтік сарындамалар туралы ғылыми ойлар енді ғана айтыла бастады. Осының бәрін ескере отырып айтарымыз, өз заманының шынайы бейнесін танытуда түркі прозаиктері қай тілде жазбасын түркілік дүниетанымның архетиптік бағзы көріністерінен алшақтап кеткен жоқ.

Өзінің төлтума болмысын сақтап кейінгі ұрпағына түрікшілдік рухты аманаттай білді. Сондай баға жетпес әдеби жәдігеріміздің ең көркемі, әлемдік-ақыл ойдың жауһары саналатын М.Х.Дулатидің қаламынан шыққан «Тарих-и-Рашиди» туындысы дер едік. Бұл турасында әдебиеттанушы ғалым Н.Келімбетов: «Жанрлық тұрғыдан келгенде, «Тарих-и-Рашиди» – ғылыми еңбек әрі түркі тілдес халықтардың шынайы шежіресі, сондай-ақ, тарихи тақырыпқа жазылған көркем туынды»[4,310], - деп орынды баға береді.

Өткенді ұлт жадында қайта түлету үшін ғалым өзі зерттеп отырған кезеңнің ақиқат шындығын біршама таныта білетін тарихи дереккөздерге сүйенеді. Ол тарихи дереккөздерін бүгінгі ғылымда: жазба, заттық, этнографиялық, ауызша, тілдік т.б. деген атаулар қалыптастырып отыр. Соның ішінде әдебиет тарихы үшін ең керегі сөздік дереккөздер. “Мына арада автор “Менің әкем [Алланың нұры жаусын оған!] және немере ағаларым моғол хандары [Алланың мейірімі түсін оларға!] жайында өз

әкесінен және сенімді кісілерден естіген әңгімелерін айтып беретін еді” десе [1,146-б.], М.Х.Дулатиде көрініс табатын осындай тарихи деректердің типін қазіргі әдебиеттану ғылымында іштей ауызекі сөйлеу тілі, фольклор және жазба әдеби туындылар деп жіктеледі. Бұл жерде М.Х.Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегі өзі өмір сүрген дәуірді жай суреттеп шығу емес, ондағы орын алған оқиғаларға деген өзіндік көзқарасын білдіруімен де құнды. М.Х. Дулатидің «Тарих-и-Рашидин» зерттеген әр ғалым оның келтірген мәліметтеріне өз тарапынан түсіндірулер жасап, шығарманың болмыс-бітіміне ой жібереді. Сонымен бірге өзіне дейінгі айтылған ойларға жинақтау жасайды.

Даңқты бабамыз М.Х.Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» мемуар жанрына жататын құжаттамалық дәлдікті керек ететін әдебиеттің ерекше түрі. Сондықтан оның мемуарын жеке бастық туынды деп қарау қателікке ұрындырады. Ондағы кездесетін, тарихи оқиғалардың таңбалануы мен мифттердің айшықталуын аттап өтуге болмайды. Автор өз мемуарында тек өзінің дара индивидтік естелігіне жүгініп қана қоймайды, сонымен бірге қосымша материалдарға өз шығармасынан мол орын береді. М.Х. Дулати осы шығармасына пайдаланған мәліметтері мен дереккөздерінің алуан түрлі болғандығын сипаттай отырып, олардың басты-басты дегендеріне тоқталады: « а) жылнама шығармалар; ә) аңыздар; б) өзге біреулерден естіген әңгімелері;

в) өзгелердің өз көргендері туралы айтқан әңгімелері; г) автордың өзі естіген әңгімелері; д) автордың өзі көрген оқиғалар, т.б. Осы аталған дерек таптарын автор әдеп өлшемдері тұрғысынан тағы бірнеше топқа бөледі: а) өсер өркенге жеткізу, айтуға, жазуға лайықты оқиғалар; ә) өсер өркенге жеткізуге, айтуға, жазуға лайықсыз оқиғалар. Айтуға, жазуға лайықсыз құбылыстар қатарына автор біреу туралы өз көзімен көрмеген, ақиқатына көзі жетпеген парықсыз оқиғалар жайындағы әңгімелерді жатқызады. Ақиқатына көзі жетпеген анайы, жауыздық сипатта әңгімеленген оқиғаларды белгілі бір тарихи тұлғаға таңудың адамгершілікке жатпайтынын айту да М.Х.Дулатидың әдеби танымының тереңдігін, әдеби-эстетикалық көзқарасының тиянақтылығын танытады... “Тарих-и-Рашиди” шығармасына арқау болған өмір құбылыстарының тобын автор жоғарыда көрсетілген әдеби-эстетикалық көзқарастарына сәйкес үшке бөліп жүйелейді: а) автордың ел аузынан естіген әңгімелері; ә) автордың өз көзімен көрген оқиғалар тобы;

б) автордың өз көзімен көрген оқиғалар мен ел аузынан естіген, бірақ ақылға сыймайтын, айтуға ауыз, жазуға қол бармайтын оқиғалар тобы. Автор бірінші топтағы оқиғаларды қысқаша баяндайды, екінші топтағы оқиғалар жүйесін кеңінен таратып жүйелейді, ал үшінші топтағы оқиғалар тобын мүлде пайдаланбай, назардан тыс қалдырады»[3, Б. 238-239]. Бұдан көрініп тұратыны: «автордың өзі

жинаған материалдарды, өмір құбылыстарының тобын, деректер мен мәліметтерді танып таразылаудағы, саралау мен даралаудағы, сондай-ақ көркем жинақтаудағы биік эстетикалық нысанасы, шығармашылық тұрғысы анық байқалады. Ел аузынан естіген әңгімелерді екшеп, оларға көп сүйенбей, негізінен, өзі көрген, өзі білген, ақиқатына көз жеткізген оқиғалар тобын таңдап-талғап алу, оның өзін де белгілі көркемдік-эстетикалық тұрғы талаптарына сай сұрыптап, шығарма желісін тек мәдени-элеуметтік маңызы жоғары, танымдық мәні мен бай шындық құбыластар негізінде тарату – көркемдік-эстетикалық ойлаудың тереңдігінен, өмір құбылыстарын тану мен бағалаудағы тарихи танымның байлығы мен баяндылығы негізінде белгілі дәуірдің ғылымы мен білімін толық игерген мемлекет қайраткерінің жеке басының бай өмір-тәжірибесі жатар болса, онда бұл данышпандыққа ұласады» [3, Б.239-240], деп, ғалым Ж.Дәдебаев М.Х. Дулатидың мемуар жазудағы шеберлігіне шынайы өз бағасын алғашқылардың бірі болып бере білді.

Дулатидің «Тарих-и-Рашидинде» кейде ауызша дереккөздерге сүйену мен өзі кезіктірген жандардың әңгімесіне орын беру де ұшырасып отырады. Өйткені, әдебиеттің әр жанры ақпаратты берудің басқа амал-тәсілдерімен тығыз байланыста болады.

Осы турасында белгілі ғалым, дулатитанушы И. Жеменей: «...өзіне талай тарихтан сыр шертіп, өмір жолында көп кеңес берген әке рухы алдында тағзым етеді. Мырза Хайдардың бұл деректеріне қарағанда, оған моғол хандарының тарихы жайында кітап жазуға ақыл беруші өз әкесі – Мұхаммед Хүсейін болуы ғажап емес... Мұның өзі Мырза Хайдардың «Тарих-и-Рашиди» ғұмырнамалық баянын жазуға үлкен жауапкершілікпен келгенін айғақтайды, яғни автор аталған шығармасын тек шынайы деректер негізінде жазып шығуды мақсат тұтқан дейміз» [1, 146-б.], -деп автордың ұстанымынан хабар береді. Өмірлік шындық пен көркем шындықтың табиғаты төңірінде ой қозғаған академик З. Қабдолов бұл турасындай былай деген еді: «Шындық күрделі болса, одан туған шығарма да күрделі. Өмірдегі оқиғалар шым-шытырық болса, оны суреттеген шығарманың мазмұны да әр алуан» [5, 168-б.]. Осындай шытырмандық «Тарих-и-Рашидиді» өз дәуіріндегі мұсылман мен христиан әлеміндегі өмірге келген мемуарлық туындылардың ғана емес, прозалық шығармалардың арасындағы ең таңдаулы үздіктерінің қатарынан орын алуға лайық.

Ал ондағы орын алған шығармашылық процесс турасында: «Өмір шындығын байқау мен бағалауда, жинау мен жинақтауда қаламгердің талант табиғаты мен таным деңгейі үлкен қызмет атқарады. Бұлардың қаламгер бойындағы үйлесімі мен үндесуі түрліше болатыны рас. Бұлардың бәрі болмаған жерден екіншісін де табу қиын... Талант пен таным толық келісім, шын жарасым тапқан жағдайда ғана жазушы еңбегі жемісті болмақ» [3, 233-б.], міне, осындай

үйлесім Мырза Хайдардың өмірлік шындық пен тарихи деректі бірілікте ала отыра, кең көсіле өз ойын қағаз бетіне түсіруге мүмкіндік берді. Осының негізінде: «...кейбір басты нәтижелері қазақ тарихи прозасының әуелгі үлгілеріне жататын Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и-Рашиди» атты диологиясынан көрініс тапқан. Бұл еңбек – тарихи-филологиялық, әдеби-эстетикалық, көркемдік сипаттары тең түсіп жатқан, жанрлық табиғаты да, зерттеу, суреттеу пәні де күрделі туынды. Онда автордың тарихи, элеуметтік, философиялық, әдеби-эстетикалық көзқарастары, шығармашылық тұрғысы тиянақталған...

Көркем әдебиет тарихында қаламгердің өз шығармашылық еңбегі, шығармашылық ойлау ерекшеліктері туралы айтылған пікірлері мен тұжырымдары, толғаныстары аса маңызды қызмет атқарады. Әлем әдебиетінде мұндай тәжірибе XVIII-XIX ғасырлардан бастап қана орын алады. Бұл тұрғыдан келгенде, Мұхаммед Хайдар Дулати әлем әдебиеті тарихында шығармашылық лабораториясы туралы өз байлауларын өзі баяндаған алғашқы қаламгерлердің бірі болып табылады» [3, 233-б.]. Өз диологиясының бірінші томының кіріспесінде шығармашылық тұлға басшылыққа алар төрт шарт қояды: жазуға мүмкіншілік болуы; білімнің көмілдігі; жазуға қажеттілік; білуге құштарлық. Осының бәрі араға ғасырлар салып, ақын тұлғасы туралы Абайдың «*өлөң манифестеріндегі*» өз дәуіріндегі және жалпы қазақ поэзиясына қояр көркемдік-эстетикалық талаптарында көрініс тапты.

Осы туындының көркемдігі жайында: «Мырза Хайдардың ғұмыр намалық һәм тарихи-мемуарлық шығармасы өзінің бай деректемелік сипатымен ғана ерекшеленбейді.

Осынау бағалы жәдігердің тамаша мазмұны, қызықты хикаялары мен шытырман оқиғалары, мұндағы Ислам құнарына суарылған қуатты ойлар, айшықты образдар және ажарлы тілдік оралымдар әлемдегі адамзаттық тарихы мен әдебиет мұраларын құмарта оқитын сан ұриақтың таңдайын қақтырумен келеді. Бұл құбылыстың сыры неде?.. Демек, Мырза Хайдар еңбегінің көркемдік-эстетикалық маңызын осы тұрғыдан қарастыра отырып, ғұлама шығармасына тән поэтикалық әдіс-тәсілдердің асыл тегін авордың өз заманындағы қоғамдық-элеуметтік көзқарастары мен ақындық ортасынан сол дәуірдегі әдебиеттің даму заңдылықтарынан іздеген жөн сияқты. Өлбетте, бұған орта ғасырда ерекше қарқынды дамыған араб-парсы және түркі әдеби байланыстарының үлесін қосыңыз. «Дегенмен, бұл ретте [1, 143-б.], -деген тұжырымды пікіріне бізде қосыла отыра, қаламгердің басқа қырына ондағы бой көрсететін мифтік архетипке тоқталақпыз. «Мырза Қайдардың ақындық таланты мен жазушылық қабілеті, ақыл-парасаты мен әдеби білімі, сондай-ақ жеке қаламгерлік стилі де үлкен орын алары сөзсіз» [1, 143-б.]. Осындай шалқар дарын иесі сонау

шумерден тамыр тартатын мифологиямыздың архетиптік нышан-белгілері мен мұсылман мифологиясының синтезін өз шығармасының бойында орынды қолдана білді.

Тап осылайша М.Х.Дулатидің мифті өзінің туындысына өзек ете білуін, академик З. Қабдоловтың сөзімен былайша бекемдеуге болады: «Өнердің кәусар туындысы халық өмірінің терең және мөлдір қайнарынан шымырлап шығады да, сол халықтың өзінің рухани сусынына айналады». Өзге тілде жазса да, оның туындысындағы мифтік тұрпат парсы тіліндегі мәтіннен окшауланып тұрады. Мысалы: «қасиеті ғылым барлық елдерге ортақ, әлем халықтары осы ғылым негіздерін бірдей қолдана отырып, өткен тарихтан қисса, хикаялар, аңыз-әңгімелер (бұл арада *ғұламаның бұл қолданған терминінің астарында кейінірек пайда болған “миф” пен “мифология” термині де жатыр деп ұққан жән,-түсінік М.А.)* айтады және оларды пайдаланады. Әсіресе, түркі халықтарының тіршілігін жазуға аңыз әңгімелер негіз болған (бұл жердегі автордың айтпағы “түркілерге қатысты мол мифологиялық архетипті көп қолдандым деген ой”)[6,40-б.],-деп өзінің түркі халықтарына қатысты

шығармашылық ұстанымынан хабардар етеді. Дулатидың басты қаламгерлік қарымы миф арқылы өзге тілді шығармаға түркілік рух бере білуінде. Біз бұдан былай «Тарих-и-Рашидидегі» түркі дүниесі мен мұсылман әлемінің тылсымын өз бойына бүгіп жатқан мифтік қолданыстарға шығарма тініндегі ұшырауы бойынша біршама тоқталып өтеміз. Жоғарыда айтқанымыздай, түркілерге қатысты мифке көбірек ден қойғанын авордың өзі де жасырмайды.

Әдебиеттер:

1. Жеменей И. Мырза Хайдар Дулати (1499-1551) тарихшы – қаламгер (монография) – Алматы. «Зерде» баспасы, 2007 – 360 бет.
2. Сыздықова Р. «Абай және қазақ әдеби тілі». Алматы: «Арыс». 2004. – 616 б.
3. Дәдебаев Ж. Адам және заман. – Алматы. “Өнер”, 2007. – 368 б.
4. Н.Келімбетов. «Ежелгі әдеби жәдігерліктер». Алматы: «Алатау». 2005. – 332 б.
5. З.Қабдолов. «Сөз өнері». Алматы: «Мектеп». 1976. 373 бет.
6. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы: М.Х. Дулати қоғамдық қоры, 2003. 616 бет.

Рецензент: д.филол.н., профессор Тебегенов Т.